

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы (балабақша/ шағын орталық, мектепалды сыныбы)					
Топ/сынып	Ортаңғы топ				
Тобы, топтың реттік саны, атауы					
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні					
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	19.06. - 23.06.2023ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен	Ата-аналармен жазғы уақыттағы күн тәртібі мен киіндіру тәртібі туралы әңгімелесу.				

әңгімелесу, кеңес беру					
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	Бөлме өсімдіктерді суару. Мақсат-міндеттер: балаларды еңбекке баулуды жалғастыру; өсімдіктерді суару амалын игерту (су құйғыштың тұмсығын жапырақтарға тигізбей); тірі табиғат объектілеріне қамқорлық жасауға тәрбиелеу. (еңбек дағдылары)	Ойын бұрышындағы ойыншықтарды жинау. Мақсат-міндеттер: балаларды тәртіпке үйрету, ойыншықтарды өз орынына қоюды игерту. (еңбек дағдылары)	Кітаптарды көркем әдебиет бұрышына орналастыру. Мақсат-міндеттер: балалардың кітаптарға ұқыпты қарау дағдыларын қалыптастыру, белгілі бір тәртіппен кітаптарды салу мүмкіндігін іс-тәжірибеде көруге машықтандыру. (еңбек дағдылары)	Асхана бойынша кезекшілік. (тәрбиешінің көмекшісімен бірге) Мақсат-міндеттер: балалардың ересектерге көмектесуге, нұсқауларды нақты орындауға деген ұмтылыстарын ояту: ыдыс-аяқты үстел бетіне дұрыс қоюға машықтандыру. (еңбек дағдылары)	Аквариумдағы балықтарды коректендіру. Мақсат-міндеттер: балыққа қамқорлық жасауды дағдыландыру (жемді үгітіп шашырату), аквариумдағы балықтың тіршілігіне қызығушылықтарын таныту. (еңбек дағдылары)
	"Ол не?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларға заттардың бір-бірінен үлкен-кішілігін анықтай білуді үйрету. Матрешканың бөлшектеу және	"Бұлттар мен құстар" саусак жаттығуы, жаңылтпаш. Мақсат-міндеттер: балаларды мәтінінің ырғағына сай қимылдауға дағдыландыру; артикуляцияны, ой-	"Суретті жина" пазл ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды бөліктерді бір-біріне дұрыс қоюға үйрету. (танымдық дағдылар) "Ненің төлі?"	"Бір сөзбен ата!" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды заттарды жалпылауға және бір сөзбен атауға үйрету. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Жұбынды тап"	Үстел үсті ойыны: "Лото". Мақсат-міндеттер: балалардың жеміс-жидек, көгөніс, гүлдер жайлы білімдерін дамыту және олардың өсіп-өнетін орындарын дұрыс атату.

құрастыру, кіші матрешканы үлкен матрешканың ішіне салу, матрешканың жоғарғы және төменгі жартысын үлкен-кішілігі және өрнектері бойынша салыстыру. Ойынның мазмұны. Тәрбиеші балаларға мынадай жұмбақ айтады: Бойы әр түрлі, жұмбағымды тыңдашы, Өзара ұқсас жүзі менен сымбатты. Бір-біріне сыйып кеткен көрінбей, Жиналғанда бір ойыншық сияқты. Ойынды қайталап өткізгенде балалардың ынтасын туғызу үшін матрешка туралы кітаптарды көрсетуге	қиялын жетілдіру, ұсақ қол моторикасын, жағымды эмоцияларды дамыту. Бұлттар құстай ұшады, (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Құстар бұлттай ұшады, Көк аспанда, биікте, (Аталған кимылдарды, қолдарды жоғары көтеріп, төмен түсіріп, орындау) Қанат жайып, ұшады. Бұлттар құстай болмайды, (Саусақпен бұлғау) Құстар бұлттай болмайды.	дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды жан-жануарлардың төлдерін атауға дағдыландыру, білімдерін тиянақтау; есте сақтау, қабылдау, ойлау, сөйлеу қабілеттерін дамыту. Құралдары: жан-жануарлардың және төлдерінің суреттері. (сөйлеуді дамыту, қоршаған ортамен таныстыру)	ойыны. Мақсат-міндеттер: Ойыншылар қабырға бойында тұрады. Педагог әр балаға бір сурет-фишкадан таратып береді. Педагог белгісі бойынша балалар жан-жаққа қарай жүгіре бастайды. Келесі "Жұбыңды тап" белгісі бойынша, бірдей түсті фишкалары бар балалар, жұп болады. Балалар саны тақ санға тең келу керек. Әр айналым сайын бір бала жұпсыз қалу керек. Құралдары: таратпалы жеті түсті фишкалар. Әрбір фишканың жұбы бар. Түрлі түсті фишкалар болмаса, басқа	Ойын шарты: көкөністерді – бақшаға, жеміс-жидектерді – бауға, гүлдерді – гүлзарларға орналастыру. Үш үлкен карточка-бақша, бау, гүлзар бейнеленген, көлемдері 8×8см карточкалар және көкөністер, жемістер, гүлдер бейнеленген көлемдері 5×5см карточкалар. (танымдық дағдылар) "Кейіпкердің сөздерін жалғастыр" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды белгілі бір ертегідегі кез келген
---	---	--	---	--

	болады. Осыдан кейін матрешканы бөлшектеп, оның жоғарғы және төменгі бөлігіне балалардың назарын аударады, оларды салыстырады, соңынан қайтадан құрастырады. Тәрбиеші матрешкалардың ең үлкенінен кішісіне қарай орналасу тәртібін көрсетеді. Балалар бір матрешканы екіншісінің ішіне салып, оның қайсысы үлкен екенін анықтайды. Егер бала матрешканың өз бөліктерін үлкен-кішілігі бойынша тауып, оларды бойларына қарай қоя білсе, тапсырма	Бұлттар құстай бұтаға (Қолдарды қырынан қосып, саусақтармен бірге бұлғау, құстың ұшқанына еліктеу) Қанат жайып қонбайды. (Саусақпен бұлғау) Д. Ахметова. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) "Лото "Құстар"" үстел ойыны. Мақсат-міндеттер: құстарды топтастыруға және жалпы атауларын атауға дағдыландыру; зейінді, байқауды дамыту. Балалар берілген суреттерді топтастырады: үй және жабайы		жұпты суреттерді қолдануға болады. (танымдық дағдылар)	кейіпкердің айтқан сөздерін ары қарай жалғастыруға ынталандыру; байланыстырып сөйлеу мәдениетін, есте сақтау, ойлау қабілеттерін дамыту, сөздік қорды байыту; ертегілер әлеміне деген тұрақты қызығушылықты арттыру; халық ауыз әдебиеті үлгілеріне деген сүйіспеншілік сезіміне тәрбиелеу. Құралдар. Түрлі ертегілер бойынша белгілі сюжеттер салынған суреттер. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет)
--	---	---	--	--	---

	дұрыс орындалған болып есептеледі. Ойын бір-екі рет қайталанады. Матрешканы бөлшектеп құрастыруда қателеспеген бала жеңімпаз аталады. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, танымдық дағдылар)	құстардың суреттері бойынша. (қоршаған ортамен таныстыру)			
Таңертеңгі жаттығу	Таңғы жаттығу. "Маған қарай жүгіріңдер" ойыны.Топтасып бір бағытта жүгіреді. "Торғайлар болып ұшайық": жан жаққа жеңіл жүгіреді. Тәрбиешінің көмегімен шеңбер жасап тұрады. Шеңбер бойында жүру, жеңіл жүгіру, "қоянша" секіру. Тік тұрып қолды алға созу, тік тұрып қолды жоғары созу "Құстай қанат самғайық" жаттығуы Тік тұрып, қолды бүйірге қойып,аяқты алшақ етіп тұрып оңға және солға иілу. Аяқтың ұшымен шеңбер бойы жеңіл жүру. Тәрбиешінің артынан жеңіл үйіріліп жүгіру. (дене шынықтыру)				
Таңғы ас	Гигиеналық дағдылар Балалардың қолдары мен беттерін жуу, таңғы асқа отырғызу. Тамақтану мәдениетін қалыптастыру бойынша жұмысты жалғастыру. Асхана құралдарын дұрыс қолдануды дағдыландыру. Тамақтанғаннан кейін бет пен				

	қолды жууды дағдыландыру. Таңғы асты тауысып жеуге үйрету. Мақсат-міндеттер: өзін-өзі күту, тамақтану, арақатынасу мәдениеті негіздерін дамыту. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Не өзгерді?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларда қабылдауды, зейінді, есте сақтауды дамыту; ақыл-ойды, байқауды тәрбиелеу. Құралдар: түрлі заттар мен ойыншықтар. Тәрбиеші балалардың алдында таныс ойыншықтар мен заттарды ұсынады. Ойыншықтар қатарға қойылған кезде балалар оларды айтады. Балалар көздерін жұмады, тәрбиеші қатардағы ойыншықтардың	"Кім шақырғанын тап" ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту, құрдастарын дауысы арқылы тану. Балалар шеңберде тұрады, санамақтың көмегімен бір жүргізуші таңдалады. Жүргізуші көзін жұмады, ол шеңберде тұрады. Тәрбиеші көрсететін бала жүргізушінің атымен шақырылуы керек. Жүргізуші оны кім шақырғанын табуы керек. (сөйлеуді дамыту, танымдық дағдылар)	"Біз құсты іздейміз" ойыны. Мақсат-міндеттер: бақылау, кеңістіктегі бағдарлауды дамыту. Тәрбиешінің қолында кішкентайдың құстың ойыншығы бар. Тәрбиеші құсты жасырады. Ал балалар оны іздеулері қажет. - Қанекей, ойынды бастаймыз. Көзімізді жұмамыз. Мен ойыншықты жасырамын. - Енді, іздеп, табыңдар. (танымдық дағдылар)	"Ақ шамшық" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды достыққа, зеректікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Балалар шеңбер бойымен отырады, ортаға "жүргізуші" шығарып, қолына сақина ұстатады. Балалар екі алақанын бір-біріне қабыстырып алға созады. Жүргізуші барлық балалардың алақанына сақина салған болып шығады. Сол сәтте сақина тасталған бала орынан тұруы тиісті, "Сақина менде", - деп	"Не дыбыстайды?" ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды құстардың дыбыстарын тыңдай отырып, дұрыс табуға машықтандыру; құстар әлеміне деген қызығушылықты арттары. Құралдары: аудио жазбалар, құстардың суреттері. (музыка)

	орнын өзгертеді. Балалар көздерін ашып, ойыншықтың қай жерге көшкенін айтады. (танымдық дағдылар)			дауыстайды. (дене шынықтыру)	
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Құстар" Мақсат-міндеттер: балалардың құстар туралы түсінік қалыптастыру.Құстардың сыртқы бейнесінің ерекшеліктері,тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.	Дене шынықтырудан ойын-жаттығу "Көңілді секірейік" Мақсат-міндеттер: балаларда екі аяқтап басты затқа тигізе отырып, жоғары қарай 2-3 метр қашықтықта алға қарай жылжи отырып, тұрған жерінен ұзындыққа, 5-10 см биіктіктегі зат арқылы жерде жатқан жалпақ құрсауға секіру дағдыларын дамыту; сап түзеп шеңберге,	Жапсырудан ойын-жаттығу "Көгалдағы балапан" Мақсат-міндеттер: балаларға жапсырмалау туралы түсінік беріп, жапсырмалар жасауға үйрету, балалардың ұсақ қол моторикасын, қиялын дамыту. «Көгалдағы балапан» жапсырып үйрету, жырту әдісін қолдана білуге үйрету. Сюжеттік композиция құра білуге үйрету.	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Құстар" Мақсат-міндеттер: балалардың қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстар туралы жалпы ұғымдарын қалыптастыру, қыстап қалатын және жылы жаққа ұшып кететін құстарды жіктей білуге үйрету. Дидактикалық ойындар арқылы зейінді, сөйлеуді, көру қабілеттерін	Музыкадан ойын-жаттығу "Көңілді марш" Мақсат-міндеттер: музыка мен қимылдардың тұтастығын қабылдау қабілетін дамыту. Балалардың өміріне музыкамен сөйлесуден қуаныш сезімін енгізу; балалардың репертуар таңдауда өз бетінше шешім қабылдау қабілетін дамыту.

		шеңберден сапқа ауысу дағдыларын әрі қарай жетілдіру.	Балаларды зерделікке, ұқыптылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу. Балалардың дүниетанымын кеңейту, шығармашылық ойлауын дамыту.	дамыту. Құстарға деген қамқорлықты, қиын жағдайда оларға көмек беруге тәрбиелеу.	
2- таңғы ас	Тағамның атауын есте сақтау, тазалыққа бейімдеу. "Тәбетіміз ашылды, ас болсын!" (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Серуенге дайындық	Балаларға өз киімдерін тануды, атауды, өз шкафын таңбалауыш арқылы табуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Серуен	Құстарды бақылау (торғай). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: торғайдың сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы мағлұматтарын	Құстарды бақылау (көгершін). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: көгершіннің сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы	Жәндіктерді бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балабақша ауласындағы жәндіктерді бақылау. Олардың жазғы тіршілігі туралы білімдерін кеңейту.	Құстарды бақылау (қарлығаш). (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: қарлығашты сыртынан танып, өзге құстардан ажыратуға машықтандыру; құстар туралы жалпы	Күннің көзін бақылау. (қоршаған ортамен таныстыру, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттер: балаларға күн туралы түсініктерді тиянақтау; табиғи құбылыстарға деген қызығышылықты арттыру.

тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. "Торғай". Торғай, торғайсың, Жылдамсың, сондайсың, Шырылдап қоймайсың, Ұшасың, талмасың. Шомылып ал шалшыққа, Қона ғой біздің баққа. Д. Ахметова. "Жапалақ" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ қимылдарына еліктеуге	мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Педагог көгершіннің ерекшеліктерін анықтау үшін, торғаймен салыстыруға болады. "Не, қайда мекендейді?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың аң-құстардың, үй жануарларының тіршілігі туралы түсініктерін тиянақтау; сөздік қорын байыту; есте сақтау, ойлау, байланыстырып сөйлеу қабілеттерін; дүниетанымын кеңейту. Құралдар: аң-құстарды, үй	Бақылау барысы Балаларға сұрақтар: 1. Жәндіктерге нелер жатады? 2. Жәндіктер қандай табиғатқа жатады? 3. Қандай жәндіктер пайдалы жәндіктерге жатады? Неге? 4. Зиянды жәндіктер деп нелерді айтамыз? Неге? 5. Балабақша ауласынан жәндіктерді кездестіруге бола ма? Жәндіктер дүниесі алуан түрлі. Олардың біз білмейтін, біз көрмеген түрлері де көп - ақ. Олардың өз ерекшеліктері, өз тіршіліктері бар. Жәндіктер көктемнің аяғына қарай, жер әбден қызған кезде пайда болады. Олар қайдан шығады?	мағлұматтарын тиянақтау; қамқорлыққа тәрбиелеу. Қарлығаш - бейбітшілік пен берекенің символы. Қарлығаш күзде жылы жаққа ұшады, ал көктемде қайтып келеді. Бұл құс жазда ұялап, балапандарын ұшуға үйретеді. - Қарлығаш, басқа құстарға қарағанда, өте ерекше құс. Басы мен денесі, қанаттарының түсі қара, ал кеудесі ақ. Қарлығаштың құйрығы айыр. Қарлығаштың ұшқаны да ерекше: ол реактивті ұшақ ұқсап жылдам жоғары көтеріліп, төмендеу түсіп, ұзақ ұшып жүреді.	- Балалар, аспанда жарқырап тұрған не? - Ол неге ұқсайды? - Күннің көзі болмаса біз өмір сүре аламыз ба? - Күннің бізге қандай пайдасы бар? Тақпақ: Күн шыққанда: Алақай, алақай! Күн шықты күн шықты! Жер үстінде нұр шықты! "Көк ту" ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: достыққа, белсенділікке, ұйымшылдыққа баулу. Балалар екі топқа бөлінеді. Әр топта өз тулары болады. Әр тудың қорғаушысы болады. Ту қорғаушылар
---	---	--	---	--

	ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң тандалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде ойыншылар алаңда, бір-біріне соғылмай,	жануарларының және мекендерінің суреттері. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардан түскен бұта- қоқыстарды жинау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды бірлесе жұмыс жасай білуге баулу. "Қаршыға мен қарлығаш" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шартын бұзбай, белгілер бойынша ойнауға, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Ойын шарты. Бұл ойынға қанша бала болса да, қатыса беруге болады. Ойыншылар екі	Олар жаз бойы азықтарын жинап, қысқа дайындалады да, күз түсіп күн суыта бастаған кезде жер астындағы індеріне кіріп жатады. Кейбір жәндіктер өз індерін ағаш қуыстарына, қалың шөп астына да салады. Балаларға тапсырма: "Құмырсқалар илеуі" тақырыбына бормен сурет салу. Еңбек әрекеті: аланды тазалауға көмектесу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: бірлесе еңбек етуге, еңбек нәтижесіне жетуге баулу; табиғатқа қамқорлыққа тәрбиелеу. "Аққу-қаздар"	Қарлығаш ұясын саз балшықтан жартас қуыстарына, жағалаудағы жарға, үй ішіне салады. Қарлығаш адамға жақын болады. Еңбек әрекеті: гүлді баптау, топырағын қопсыту. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: гүлді өсіре білуге, табиғатты қорғауға, гүл табиғаттың бір бөлшегі екенін түсіндіру. "Жапалақ" қимыл- қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай қимылдауға жаттықтыру; тышқан, шымшық және жапалақ	тудың қасында тұрады. Ал, басқа балалар қарсыластарын өз тобына ауыстырулары керек. Екі топтың ортасынан сызық сызылады да, қарсыластарына қарама-қарсы тұрады. Бір-бірінің қолдарынан ұстап, өз топтарына тартып алуға тырысады. Сөйтіп қай топ балаларды көп жинай алса, сол топ жеңіске жетеді. Жеңілген топтың туына шабуыл жасалады. Егер де туларын қорғап қалса, ойын жалғаса береді. Еңбек әрекеті: ауладағы ағаштардар түскен ұсақ құрғақ
--	---	--	---	--	--

жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: балаларды бір бағытта, жылжи отырып, секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолы бойына көлденең сызықтарды салып	топқа бөлініп, екі бағытқа қарап, екі қатарға тұрады. Бұлардың бір қатары "Қаршығалар" да, екінші қатарындағылар "Қарлығаштар" болады. Бір ойыншыны басқарушы етіп сайлайды. Басқарушы екі саптың арасымен ерсілі-қарсылы жүріп дауыстайды. Алдымен "қар...", - дейді де, содан соң қалауынша "шығалар" немесе "лығаштар" деп қосады. Сол кезде бастаушы атын атаған топтағылар бытырай қаша жөнеледі де, аты аталмаған топ оларды қуалайды.	ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: белгі берісімен бір бағытта тез жүгіруге жаттықтыру; ойын шартын бұзбауға бейімдеу; бір-біріне соғылмауға дағдыландыру; дене мүшелерін дамыту; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Педагог балаларға "аққу-қаздар" болуды ұсынады. Балалар алаңның бір жағына, педагог - қарама-қарсы жаққа тұрады. Алаңның ортаңғы екі шетінде екі (таңдалған) бала "қасқыр" рөлін атқарып тұрады. Педагог: - Аққу-қаздар, қайдасыңдар? Қайда қонып,	қимылдарына еліктеуге ынталандыру; ептілікке, зеректікке, жылдамдыққа тәрбиелеу. Алғашында "жапалақтың" (жүргізушінің) рөлін педагог, содан соң таңдалған баланың бірі сомдай алады. Қалған балалар "тышқан" мен "шымшықтар" болып ойнайды. Ойында бірінші белгі ретінде: "Таң атты! Күн шықты! Тышқандар мен шымшықтар алаңда!" - сөздері айтылады. Екінші белгі: "Түн батты! Шапалақ аңшылыққа ұшып шықты!" - болып айтылады. Бірінші белгіде	бұтақтарды жинақтау. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: балаларды тазалыққа, бірлікке баулу. "Ақсақ үйрек" қимылды ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: алаңда бір аяғымен жүре білуді жетілдіру. Мына сөзден кейін осындай қозғалыс жасау: «Күн шықты, ойын басталды»; ойын шарттарын сақтау(екі аяғын қатар жерге қоймау керек). Балалардың еркін ойыны.
--	--	--	---	---

	қою. Балалар, сызықтарды баспай, алға секіруге үйренеді. Еңбек әрекеті: ауланы сыпыруға көмектесу. (еңбек дағдылары) Мақсат-міндеттер: ұқыптылыққа, жинақылыққа үйрету. Балалардың еркін ойыны. Мақсат-міндеттер: балаларды өз бетінше ойын тақырыбын таңдауға үйрету. Балалардың еркін ойындары.	Олардың міндеті - қашқан топтағылардың біреуін ұстап алу. Ұсталған ойыншы сол топқа өтеді. Қайсы топ қарсы топтың ойыншысын көп қосып алса, сол топ жеңеді. Құралдары: екі түрлі медальондар: қаршығалар мен қарлығаштар. "Допты қақпаға домалат" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: допты домалатып, доғаға өткізуге жаттықтыру; ептілікке, дәлдікке, шыдамдылыққа тәрбиелеу. Құралдары: доптар, доға. Балалардың еркін	ұшасындар? Балалар: - Біз ұшамыз жылы жаққа, Қайтқымыз келеді ошаққа! Осы сөздерден кейін, балалар қарама-қарсы жаққа жүгіріп ("ұшып") ұмтылады. "Қасқырлар" "аққу-қаздарды" ұстап алуға тырысады. Ұстап алу - баланы қолмен тигізу болып саналады. Педагог алдын-ала алаңның шетінде балалар үшін "қасқырлардан қауіпсіз" орынды сызып қояды. Ойын бірнеше рет қайталанады. Ойын қарапаймы түрде де ойнатылады: педагогтің	ойыншылар алаңда, бр-біріне соғылмай, жүгіріп жүру керек. Екінші белгіде ойыншылар орындарында тоқтап, қозғалмай тұру керек. Егер кім қозғалса, соны "жапалақ ұстап ұясына тасиды". Келесі жолы басқа жапалақты таңдап, ойын жалғасады. Құралдары: ойыншыларға медальондар, "жапалаққа" маска. "Қапты көлденең нысанға лақтыру" жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттер: дәлдікке, ептілікке бейімдеу, біл қолмен қапты көлденең нысанға лақтыру жаттығуына	
--	--	--	--	---	--

		ойыны.	қалауынша "қасқырларды" қоспауға болады. Жаттығу ойындары: допты жерге лақтырып, әуелі екі қолмен, кейін бір қолмен допты қағып алуға жаттықтыру. Халық болжамы: • өрмекші ауын тоқтаусыз, белсеніп құра берсе - күн ыстық болады; • өрмекші бұрышқа тығылса - жел көтеріледі; • бақалар бақылдап тынышталмаса - ауа райы өзгеріп бұзылады.	машықтандыру. Құралдар: лақтыруға арналған құм салынған қаптар. Балалардың еркін ойыны.	
Серуеннен оралу	Өз бетінше шешініп, жылдам киіну біліктіліктерін бекіту; балаларды аяқ киімнің бауын тағып, сырт киімнің түймесін ағыта білуді үйретуді жалғастыру.				
Түскі ас	Түскі асқа назар аударту; үстелде отыру мәдениетін қалыптастыру, тамақтану мәдениетімен таныстыруға бағытталған жеке жұмыстар. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Күндізгі ұйқы	Балалардың тыныш ұйқысы үшін қолайлы жағдай жасау.				

Бірте-бірте тұрғызу, сауықтыру шаралары	Оянайық бәріміз. Тәрбиешінің айтқанын орындайды. Көздерінді ашыңдар, Кірпіктеріңді көтеріңдер. Беттеріңді жеңіл қимылмен сипаңдар, Бір - біріңе жымыыңдар, Бастарыңды оңға, солға бұрылыңдар, Ауаны жұтыңдар, содан соң жіберіңдер, Іштеріңді тартыңдар, Көңіл күй көтерілді, Кеуделеріңді алақанмен сипаңдар, Жұдырықты қысыңдар, Енді біраз ашыңдар, Керіліңдер, созылыңдар, Енді ояңдындар, төсектен тұрыңдар. (дене шынықтыру)				
Бесін ас	Алдына қойған асқа назар аударту; дастарқан басында отыру мәдениеті, тамақтану мәдениетіне баулуға бағытталған жеке-дара жұмыс; этикет ережелері. (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	"Шұбар тауық" үстел үсті театры. Мақсаты: ертегінің мазмұнын түсінуге үйрету, ертегілердегі кейіпкерлерге деген сүйіспеншілікке тәрбиелеу. "Өзіңе жұп тап"	"Ғажайып қапшық" ойыны. Мақсаты: геометриялық фигураларды ажырата білуге және атауға үйрету "Автобус" сюжетті-рөлдік ойыны.	"Шалқан" ертегісін сахналау. Мақсаты: ертегі кейіпкерлерінің рөлдерін ойнауды үйрету. "Түрлі-түсті ыдыс" ойыны. Мақсаты: заттардың	"Суреттер тізбегі" дидактикалық ойыны. Мақсаты: балаларды суреттерді логикалық тізбекке орналастыруға жаттықтыру; қоршаған ортадағы	"Аурухана" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсаты: балалардың дәрігер мамандығы туралы, оның іс-әрекеттері туралы білімдерін бекітуді жалғастыру, құралдарды (шприц,

	ойыны. Мақсаты: балаларды бір-біріне итерместен жүгіруге үйрету, үлкен құрылыс ойыншықтарымен ойнау.	Мақсаты: балалардың автобуста жүру ережелеріне баулу; жолаушы мен жолаушылар туралы түсініктерін тиянақтау; сыпайылыққа, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Автобус салонын білдіретін үлгі, орындықтардың белгілі қатармен тізіліп тұруы; руль, билеттер жинақтамасы. "Жүргізушіні" рөліне қалаған бала шығады, қалғаны жолаушылар болып, қолдарына "билет" алады. Педагог алдын-ала автобуста жүру ережелерімен	түсін ажырата білу қабілетін нығайту	құбылыстар мен оқиғалардың сырын тануға, түсіндіруге ынталандыру; ұғымталдыққа тәрбиелеу. Құралдар. Бір құбылысты, оқиғаны немесе ертегі желісін сипаттайтын суреттер топтамалары. "Үш аю" ертегісін баяндау. Мақсаты: ертегіні мұқият тыңдауға, ертегінің мазмұны бойынша сұрақтарға жауап беруге үйрету. "Түрлі-түсті моншақтар" ойыны. Балалардың геометриялық пішіндерді ауызша нұсқауларға сәйкес дұрыс орналастыра білуге үйрету.	термометр, тонометр) дұрыс атауға үйрету "Матрешкаға қонақта" ойыны. Мақсаты: заттарды мөлшері бойынша ажырата білу қабілетін бекіту. Матрешканы дұрыс құрастыра білуге дағдыландыру.
--	---	--	---	--	--

		таныстырады, сыпайылық үлгілерін суреттерден көрсетеді. Педагог балаларды автобус салонына шақырады; жолаушылар "салонға" өтеді, билеттерін көрсетеді немесе ойыншық смартфон арқылы төлемдерді жасауды көрсетеді. Жүргізуші автобусты "жүргізеді". Педагог аялдамаларды жариялап жатады. жолаушылар кіріп, шығып жатады. Үлкендерге орындарын беру туралы үлгілерді көрсетуге болады.			
Балалармен жеке жұмыс	"Дауыс арқылы тап" ойыны. Мақсат-міндеттер:	Көркем әдебиет шығармаларын оқу.	"Мозаика", "Құрастырғыш" ойындары.	Дидактикалық ойын "Кім не естиді?".	Көркем әдебиет шығармаларын оқу.

	ойын дағдыларын, есту, қабылдау, сөйлеу, қиял қабілеттерін дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттер: логикалық ойлауды, қолдың ұсақ моторикасын дамыту. (танымдық дағдылар)	Мақсат-міндеттер: балалардың есту қабілетін дамыту бойынша жұмысты жалғастыру, сөздік қорын дамыту. (сөйлеуді дамыту)	Мақсаты: балаларда мәтіннің сөздері мен дыбыстық тіркестерін қайталауға деген ұмтылыстарын қалыптастыру. Балаларда көркем әдебиетке қызығушылықтарын ояту.
Серуенге дайындық	Балалардың өз бетінше, жүйелі киінуін бақылау. Шапшаңдылыққа, ұқыптылыққа тәрбиелеу.				
Серуен	Түскі уақыттағы бақылауды жалғастыру.				
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуды, өз киімін өзі шешуді, өз қажеттері жайында айтуды үйрету. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Кешкі ас	Тағамның атауын есте сақтау, тамақтану рәсімін жақсы ниетпен қабылдауға бейімдеу. "Кешкі асты таза ішуді, әдепті бала болуды үйренеміз". (мәдени-гигиеналық дағдылар)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және	Кітап бұрышында: өткен тақырыптар бойынша суреттерді қарау, сипаттау; ертегілерді есте жаңғырту, кейіпкерлердің сөздерін қайталау. (сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет, қазақ тілі) Музыкалық аспаптармен ойындар. (музыка) Өнер бұрышында еркін тақырыптарға сурет салу, жапсыру, мүсіндеу, құрастыру. (сурет салу, мүсіндеу, жапсыру, құрастыру) Логикалық ойындар, басқатырғыштар, санамақтар, домино ойындары. Пысықтау. (математика негіздері)				

тағы басқа әрекеттер)	Табиғат бұрышын зерттеу, салыстыру, танысу, пысықтау жұмыстары. (қоршаған ортамен таныстыру)				
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	"Күннің көзінен сақтану" тақырыбына ата-аналарға кеңес беру.	"Үйдегі ойындар" тақырыбында ата-аналардан сауалнама алу.	"Дұрыс сөйлеп үйренейік" тақырыбында ата-аналарға кеңес беру.	"Балалардың ойыншықтары" атты науқанын өткізу.	"Демалыс күндері балабақша тәртібін сақтау" атты кеңес беру.